



**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1284 қаулысының жүзеге асырылу барысы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 мамыр N 578. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.10.04. N 1234 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі "Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 1284 P951284_ қаулысы негізінен мақсатты жүзеге асырылуда екенін атап өтеді.

Құрылатын инфрақұрылымдарды неғұрлым тиімді пайдалану және телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесін (ТҰСЖ және ДБ) 1997 жылдың бірінші тоқсанында іске қосуды сөзсіз қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Үкіметінің ТҰСЖ және ДБ жобасы жөніндегі жұмыс тобының жобаға дауыстық байланысты енгізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. "Қазақстан телекоммуникация консорциумы" акционерлік

қоғамының негізгі міндеттері спутниктік телерадио хабарларын, дерек беру мен дауыстық байланысты ұйымдастыру болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай мерзім ішінде "Қазақстан телекоммуникация консорциумы" акционерлік қоғамына дауыстық байланыс саласында қызмет жүргізуге рұқсат беру мәселесін қарасын және тиісті лицензияны ресімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

